

2021-2022 оқу жылы Мектептің дамуы жоспарының есебі

Жоспарланған істерді жүзеге асыру барысында берілген мерзім аралығына сай бағдарламаның үш бағыты бойынша жұмыс жүргіздім.

- 1.Мектеп басшысының және педагогикалық ұжымның өзіндік дамуы;
- 2.Мектепті дамыту;
- 3.Әлеуметтік және кәсіби әріптестік.

Мектептегі тәжірибе кезеңінде ұжыммен кездесіп, өткізілетін тәжірибе мақсаттарымен таныстырылды. Деңгейлік курс бітірген мұғалімдермен дөңгелек үстел ұйымдастырдық. Дөңгелек үстел барысында дамыту жоспарының мақсаттары мен басымдықтары және күтілетін нәтижелерімен таныстырып шықтым. Тәжірибе кезінде қолдау көрсететін зерттеу тобы құрылып, міндеттер бөлінді. Бірлесіп мектептің даму жоспарындағы басымдықтар бойынша жұмыс жүргізілді. Зерттеу тобына деңгейлік курс бағдарламасынан өткен I,II,III-деңгейлі мұғалімдер мен мектеп директорының ғылыми инновация жөніндегі орынбасары мен ӘБ жетекшілері қамтылды. Талқыланған мәселелер бейнежазбалар, фотосуреттер және жүргізіліп отырған іс-шаралардың барлығы жазба түрінде жазылып, талқылынып отырды.

Мектепті дамыту іс-шарасын «Lesson study жүргізудің ерекшеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізуден бастадық. Пит Дадлидің«Lesson study» нұсқаулығымен таныстырылып LS тобы құрылып, 4-сыныптар арасында сабақты зерттеу циклын жүргізу жүктелді.Жоспарды жүзеге асыру үшін коучинг пен тәлімгерлік үдерісін ұйымдастыру I деңгейлік курстан өткен әріптестеріме жүктелді.Өзгеріс ендіру үдерісінде білім сапасын жақсарту үшін жаңаша әдіс-тәсілдерді ендірумен қатар ,оқушылардың кері байланысының маңыздылығын да әріптестерімнің көздерін коучинг пен тәлімгерлікті жүргізу арқылы жеткізуді көздедік.. Тәлім алушыға жас маман,ал тәлімгерге III-деңгейлі курстан өткен мұғалім бекітілді. Тәлім алушы коучингтерге қатысып өз тәжірибесінде қолданды.



Мектеп даму жоспарында көрсетілгендей 3 коучинг өткізілді.

Коучинг 1

Кері байланыс тиімділігі. Рефлексия – мұғалім мен оқушының табыстылық факторы ретінде тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингіні I деңгейлік курс бітірген "Графика және жобалау, көркем еңбек" пәні мұғалімі М.Тастемирова жүргізді. Дамыту жоспарындағы зерттеу сұрағының бірі - «Оқушылардың білімі мен жетістіктерін арттыруда кері байланыс қаншалықты тиімді?» - осы сұраққа жауап іздеу мақсатында коучингіге осы тақырып алынды. Коучингіде мұғалімдер «Кері байланыс» және

«Рефлексия» тобы болып екіге бөлініп жұмыс жасады. Кері байланыс тобына қашықтықтан оқыту жағдайындағы тиімді кері байланыс беру жолдары тапсырмасы беріліп, кері байланыс ұсыну ережелері мен беру үлгілері, аудио және видео арқылы кері байланыс беру талқыланып, іс-тәжірибе арқылы нәтижелер көрсетілді. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыларға тиімді кері байланыс қамтамасыз ету – бұл мұғалімдердің шеберлігі. Қашықтықтан оқыту жағдайында кері байланыс беруге дағдылану.

Білім беру/алу жүйесінің басты мақсаты – өзіне-өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін бағалай алатын және өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асыра алатын рефлексиялық қасиеттері бар тұлға қалыптастыруға мейлінше тиімді жағдай жасау. Оқушылардың бойына осы қасиеттерді сіңіре білу үшін мұғалімдеріміздің өзінде бұл дағды қалыптасқан болуы қажет.

Мен өзім «Рефлексия» тобында болып коучтің «Қазіргі кезде айналысып жатқан іс-әрекеттеріңіздің қайсысы өзіңіз үшін ең маңызды болып табылады?», «Бұл істе мен қандай нәтижеге қол жеткізгім келеді?», «Бұл нәтиже шындыққа айналу үшін менің алғашқы қадамым қандай болу керек?» «Бәрі маған ғана байланысты ма?», «Мұны жасауда маған не кедергі болады?» деген сұрағына ұзақ ойланбай тез жауап бердім, себебі бұл сұрақтың барлығы менің мектептегі тәжірибеме тікелей қатысты болды. Осы секілді сұрақтарға жауап бере отырып, өз әрекеттерімізді жобалап, жеткен нәтижеге баға беріп, оларды жақсартуға ұмтыламыз. Бірақ біраз әріптестерімді бұл сұрақтар ойландырып тастады. Коучинг соңындағы кері байланыста «БББ» кестесіне «Мен қандай білім немесе дағдыны дамытқым келеді?», «Менің оған әлеуетім қандай?», «Кері байланысты оқу мен оқыту үрдісіндегі ықпалы қай деңгейде?» сұрақтары бойынша рефлексия жасады.



Коучинг 2

«Lesson Study әдісін сабақта қолданудың тиімділігі» тақырыбында 1-деңгейлік курс бітірген бастауыш сынып мұғалімі Л.Тәттішбаева жүргізді. Жағымды психологиялық атмосфера қалыптастырып, мұғалімнің бойында болуға тиіс үш қасиет «Білімділік», «Мейірімділік» және «Шығармашылық» бойынша топтарға біріктірді. Теориялық материалдарды бермес бұрын «Болжау» тәсілімен Lesson Study туралы білімдері бойынша постер қорғатып болған соң, дайын слайдтар бойынша нұсқаулықтағы мәліметтерді берді. LS туралы мұғалімдеріміздің біраз білімдері бар екендігі мені қуантты, тек өкініштісі тәжірибеде аса қолданылмағандығы. «Айналмалы бекет», «Балық қаңқасы» тәсілдері


арқылы LS-тің тиімділігін ұқты. Олай ойлауға мұғалімдердің берген кері байланыстары дәлел болады.

Жоспар бойынша 3 коучингіде өткізілді.


Жалпы өткізілген коучингілердің байқағаным коучинг аясында мұғалімдерге нақты ақпараттар беріліп, іс-тәжірибеден өткізілген әдіс-тәсілдермен бөлісті. Коучтардың тәжірибелі, мектеп көшбасшылары өзгеріс енгізуді дамыту үшін «магнит» бола алатын тұлғалар екендігіне көзім жетті. Тәжірибеміз оқу жылының соңындағы қарбалас сәтте болуы, оқытудың аралас форматта болуы біраз кедергілер келтірді.

SWOT талдауы бойынша қорытындылау


Мықты жақтары: -Коучтар жақсы тренерлер болып табылады,оқыту үдерісін тұтас қарастыруға,пікірталас ұйымдастыруға қабілетті; -мұғалімдерге берілген ақпарат өзекті болды; -іс-әрекеттер ынтымақтастық жағдайында орын алды; -мұғалімдердің оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізулеріне ықпал етті	Әлсіз жақтары: -мұғалімдердің тез жиналмауынан уақытынан кеш басталуы; -рефлексия жасау дағдыларының әлсіздігі; -кейбір әріптестердің белсенділігінің төмендігі, өз пікірлерін ашық жеткізе алмауы; -кері байланыс орнатуда мұғалімдердің біржақты жауап беруі
Мүмкіндік: -көшбасшы мұғалімдердің көмегімен өзгеріс енгізу; -қозғаушы күш өзгеріс енгізу іс-шараларын жүзеге асыратын адамдарға қолдау көрсету; -ынталандыру,жаңа мүмкіндіктер мен тапсырмаларды ұсыну арқылы әріптестерді алға жылжыту¹	Қауіп-қатер: -оқушылардан алынатын кері байланыстардың ескеріле бермеуі; -«оқушы үнімен» мұғалімдердің санаспаулары; -LS әдісін толық жүзеге асырамаулары




Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чemoдaнға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)




Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чemoдaнға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)



Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чemoдaнға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)




Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чemoдaнға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)



Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чemoдaнға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)



Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чemoдaнға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)



Мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізуде коучингі мен қатар тәлімгерлікті жүргізуде өте маңызды. Тәлімгерлік жас маманға мектеп бұйрығымен жыл басынан бекітілген іс-шара.



Тәлімгер ретінде оқу жылының басында ағылшын тілі мұғалімі А.С.Д жас маман ағылшын тілі пәні мұғалімі А.С. тәлім алушы ретінде бекітілген. Тәжірибе аясында бұл іс-шараға аса маңызды көңіл бөлінді. Тәлімгер мен тәлім алушы мұғалімнің тәлімгерлік кезеңінің мақсаттарын талқылау және анықтау мақсатында кездесу тағайындалды. Сабақ алдындағы кездесу, өткізілген сабақ және сабақтан кейінгі кездесу өткізіліп тәлімгерлік циклы толық жүргізілді. Тәлімгер сабақтың мәнін және оқыту мен оқу тәжірибесін, нәтижелерін талқылады. Әрбір енген сабақтарына талдау жасалып, тәлім алушыға өз білімі мен тәжірибесімен бөлісіп қолдау көрсетіп отырды. Тәлім алушының тәжірибесіндегі кедергілерді анықтап, оны жою жолдарын қарастырды. Тәлім алушының бойындағы ізденімпаздығы, шығармашылдығы оны түрлі байқауларға қатысуға, қашықтықтан білім арттыру курстарына қатысып білімін жетілдіруге ықпал етуде. Жас келсе іске демекші мектебіміз де «Жас Алаш» дебат клубын құрып пікірсайыс өткізіп, белсенді топты аудандық пікірсайысқа дайындады. Еңбекші ауданы бойынша өткізілген «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық клубтың турнирінде мектеп лигасы «Үздік оратор» деген номинацияға ие болды. Жеңіс күніне орай ағылшын әдістеме бірлестігі ұйымдастырған офлайн форматта салтанатты концерт өткізуге оқушыларын дайындады. Мұның барлығын тәлімгерлік жұмыстың жүйелі түрде атқарылуының нәтижесі деп білемін. Бұдан түйген ойым мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізуде тәлімгерліктің үлкен үлесі барлығына көзім жетті. Болашақта тәлімгерлікке аса мән беру қажеттігін түсіндім.

«Lesson study» – бұл сабақ барысында ынтымақтастықтағы бірлескен мұғалімдер тобының оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. Бұл үдерісті жүргізу І, ІІ-деңгейлік курсты бітірген мұғалімдерге жүктелді. Сабақты жүргізген бастауыш сынып мұғалімі Е.Ғ.М., А деңгейлі оқушыны бақылау Ү.Ж-ға, В деңгейлі оқушыны бақылау С.А-ға ал С деңгейлі оқушыны бақылау Л.Т. апайларға жүктелді. «Lesson study» циклы 4-сыныпта жүргізіліп, әр қадам кезеңінде мұғалімдер бірлесе сабақ жоспарын құрып, сабақты жүргізіп сабақтан соң кері байланыс беріліп, оқушы үні тыңдалды және келесі сабақ бірге жоспарланды. Тізбектелген үш сабақ өтілді.

Зерттеу мақсаты жоспарлау үдерісінде жасалынған алдын-ала болжамдарды салыстыра отырып зерттелетін А,В,С деңгейлі оқушылардың оқуға деген ынтасын қадағалау, өзгерістерді анықтау, өзгерістер себебіне бойлау.

«Lesson study» тобына ең тәжірбиелі ұстаздар қамтылды, сабақтарға өзім де қатыстым. А деңгейіндегі оқушылардан оқуға деген белсенділігі мен жауапкершілігі, көшбасшылық қасиеттері ойын анық уәждерімен жеткізуі мені қуантты. Циклдің алғашқы сабағы мен соңғы сабақтың арасында ілгерілеу байқалды. Ол алға жылжуды мұғалімдердің бірлескен жұмысы мен оқушылардың сабаққа қатысуынан байқадым. Әр сабақтан соң талдау жүргізіп, оқушының қандай жетістікке қол жеткізгендігін, сәтті, сәтсіз тұстары айтылды. Зерттеуге арналған оқушы басқа оқушыға қарағанда қандай нәтижеге жетті?, жасалған әдіс-тәсілден оқушыға қандай нәтиже берді?, келесі сабақта нені жақсарту керек? деген сұрақтарға жауап алды. Осы тізбектелген 3 сабақтың барысында оқушылардан «оқушы үні» алынды.

Оқушылардан алынған кері байланыс келесі сабақта жоспарлауда назарға алынып отырды. Зерттеу барысында А,В,С оқушылары мұғалімнің көмегінің арқасында енгізіліп жатқан әдістерге оқушының қалыптаса бастағанын байқадым. Енді осы жүргізілген LS нәтижелері бойынша оқушылар үшін мықты және әлсіз тұстарына келетін болсам,

Мықты жағына:

- А деңгейлі оқушылардың бойында көшбасшылық қасиеті оянып шығармашылықпен жұмыс жасауы әсер етті;
- В деңгейлі оқушының бірте-бірте қызығушылығы оянды;
- С деңгейлі оқушы тапсырманы өз бетінше орындай алмасада, өз ойын айтуға, өзін бағалауға әрекет жасады.

Әлсіз тұстарына келсем:

- оқушының үлгерімін жақсарту үшін деңгейлік тапсырмалар, танымдық ой-өрісін дамытатын және оқушы ойлауын түрткі болатын жоғары деңгейлі сұрақтары бар тапсырмалар беру;
- оқушылар бойында ашық тапсырмалар қою дағдысын дамыту;
- қалыптастырушы бағалауды әділ жүргізу;



Мен мектептегі жинақталған жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып мынадай ой түйдім;

- LS зерттеу сабақтары арқылы мұғалім өз тәжірибесінің өзгеруіне, алға ілгерілуіне рефлексия жасауына маңыздылығы анықталды.
- мұғалімдердің бірлескен жұмысы мұғалімдердің белсенділігі мен туындаған кедергілерді жоюда жан-жақты ақпарат алмасуы мен жаңа идеялардың туындауының, бір-бірімен тәжірибе алмасуының негізі болып табылатындығы анықталды.
- Оқушылардың алға жылжуы байқалды.

Бұл алғашқы мектептегі тәжірибе кезеңінде тек бастауыш сынып деңгейінде ғана LS жүргізсек, ендігі алдағы тәжірибеде бұл тәсілді мектептегі білім берудің барлық деңгейінде қолға алып, барлық зерттеуші мұғалімдерді осы әдісті өз тәжірибесіне енгізуін қолға аламын. Себебі LS сабақтары мектептегі білім сапасының артуына септігін тигізетініне сенімдімін.



Мектепті дамыту жоспарының бір саласы – әлеуметтік және кәсіби серіктестік, себебі мектепте көшбасшы мұғалімдердің қолдауына сүйенетін болсам, мектептен тыс жерде серіктестіктерге арқа сүйейміз. Айналамыздағы мектептер ішінде серіктес мектептерге жетекші мектеп ретінде Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп бекітіліп, мектептер арасында әлеуметтік серіктестік байланыс орнатылған. Мектептер арасында қашықтықтан ZOOM платформасы арқылы тәжірибе алмасуда.



«Өрлеу» БААҚФ педагогикалық қызметкерердің біліктілігін арттыру институтымен желілік қоғамдастық құру келісімшарты жасалып, жұмыс жүргізіліп келеді. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі мұғалімдеріне арналған «Оқу сауаттылығын қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлауды дамыту, мәтін түрлерін дұрыс пайдалана отырып тиімді сұрақтар құрастыру» тақырыбында тренер К.Ф.К ZOOM платформасында семинар өткізді. Бұл семинардың өткізілуіне мектебіміздің көшбасшы мұғалімі, өте шығармашыл ұстаз қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі жетекшісі Р.А.С. басшылық етті.

Жаһандану қарқын алып, адам ресурстары басты капиталға айналған уақытта құндылықтар өзгеріп жатыр. Сондай өзгерістердің бірі – кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, оқушылардың кітапты ұялы телефон, гаджеттермен алмастыруы. Сұраныстың өзгеруіне қарамастан, ел ертеңі болар ұрпақтың кітап оқуға деген көзқарасын өзгерту керек. Ол үшін оқырманның оқылым дағдыларын жақсарту механизмдерін жетілдіріп, оқылым стратегияларын меңгертіп, оқу барысында тиімді қолдануға жол ашу керек. Осы орайда гуманитарлық пәндер ұстаздарына жаңаша ізденіс пен жұмыс жасау қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта мектепте «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілген. Жоба барысында мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар арасында қызығушылық пайда болды. Бұл жоба әлі жалғасын табады. Бұл жоба аясында түрлі шаралар кездесулер, пікірталастар, ата-аналар қоғамдастығын тарта отырып мектеп кітапханасындағы, Қазақстандағы және шет елдердегі виртуалды кітапханалар арқылы оқырмандарды кітіп оқуға шақыру. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру арқылы оқу сауаттылығын нығайту, кітап құмар, өз елін сүйетін тіл байлығы дамыған, сауатты тұлға қалыптастыру.




Мектептің үш тұғыры -мұғалім ,оқушы ,ата-ана байланысы мықты болған кезде оқыту /оқу тәжірибесі нәтижелі болмақ.Сондықтан мектебімізде ата-аналар қоғамдастығы құрылған.Тәжірибе кезеңінде «Білім сапасын арттырудағы ата-ананың ролі» тақырыбында онлайн-конференция 9 сынып ата –аналармен өткізілді.Негізі орта мектеп курсы бітірушінің алдында таңдау тұрады, оқуды ары қарай мектепте жалғастыру немесе мамандық таңдау арқылы колледждерге түсу. Осы орайда ата-аналарға бағыт-бағдар беру мақсатында конференция ұйымдастырылды. Конференция ата–аналар үшін маңызды болды.



Осы тәжірибе барысында «Еңбек және өнер» бірлестігінің мұғалімдер «Шебердің қолы көпке ортақ» көрмесін ұйымдастырды. Оқушылар шығармашылығынан әр түрлі жанрдағы: сурет өнері, фетрмен жасалған жұмыстар,киізбен бейнелеу жұмыстары,аппликациялық туындылардан 125 туынды көрмеге қойылды. Іс-шара барысында әр түрлі жанрда бұйым жасайтын оқушылар сахнада шеберлік сағатын өткізді. Бірлестік мұғалімдерінң шығармашылық еңбектерін атап өтпеске болмайды. Оқушылардың үздік туындылары балаларға арналған республикалық «Ақылдым»

журналына жарияланды. «Графика және жобалау, көркем еңбек» пәні мұғалімі І-деңгейлік курс бойынша сертификатталған шығармашыл ұстазымыз Т.М.М оқушыларының туындылары республикалық байқауға жолдама алды. Бұрынғыдай әкесі балаға, шешесі қызына кәсіп үйрете алмасада, осы олқылықтың орнын «Еңбек және өнер» бірлестігінің мұғалімдері толтыруға күш салуда.



Қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістер мұғалімдердің ғана емес, сонымен қатар, білім беру ұйымдары басшыларының да кәсіби дамуының тұжырымдамалық негіздерін қайта қарап, қайта түйсіну қажеттігін көрсетіп отыр².

Тәжірибені жетілдіріп, инновациялар мен өзгерістерді енгізуге жетекшілік етуім үшін өзімнің білімді жетілдіру мақсатында осы курс аясында берілген ресурстарды қайта қарап, Бағдарламадағы көшбасшылықтың мәні, заманауи басшы моделі, мектеп

мәдениеті, мектепті дамытуды жоспарлау, кәсіби-тұлғалық ахуал, кәсіби қоғамдастықты дамыту мәселелерін егжей-тегжей оқып шықтым. Мектептегі тәжірибе туралы толғанысымды, түйген ойларымды «Жаңа оқу талабы – бүгінгі білім сапасы» тақырыбындағы мақаламды фейсбук әлеуметтік желісіне жарияладым.



Магжан Жұмабаев

1 день назад · 🌐

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты М. Жұмабаев атныдағы №39 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Альжанова Ж.Т.

ЖАҢА ОҚУ ТАЛАБЫ – БҮГІНГІ БІЛІМ САПАСЫ!!!

«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек». А. Байтұрсынов.

«Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады». К.Д. Ушинский.

Мен деңгейлік курсты оқығалы бері білім беруге жаңаша көзқараспен қарап, осы бағдарлама «Қалай оқу керектігін үйрету» тақырыбынан бастап көшбасшылыққа әкелетін бағдарлама екендігін түсіне отырып жұмыс жүргізуге тырыстым. Мен оқушының сын тұрғысынан ойлауда алған білімін өз қажетіне қарай кез-келген жерде қолдана алуы үшін тәжірибеме елеулі өзгерістер енгізіуім керек екенін ұғындым. Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Сын тұрғысынан ойлау модулінің мені қызықтырғаны баланың туындаған сұраққа жауапты өзі іздеп, оны дәлелдеуге ұмтылыс жасауы. Дәстүрлі сабақтарда оқушы тек тыңдаушы болса, сындарлы оқытуда өзі ойлана алатын, өзі ізденетін, өз ойын дәлелдейтін тұлға, ал мұғалім болса, осы әрекетті бағыттаушы, ұйымдастырушы екендігі.

Белгілі педагог Ш.А.Амонашвили: «Оқушылардың білімін арттыру, пәнге қызықтыру үшін оқытуда, жалпы алғанда ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып, содан соң содан бастау керек», - дейді. Ал, менің өз іс-тәжірибемде байқағанымдай, оқу үрдісінде оқушылардың белсенділігін арттыру арқылы іс-әрекеттер барысында оқушының шығармашылығы, ізденімпаздығы, бір салаға бейімділігі мен қызығушылығы дамиды. Мұғалімдер бұл бағдарламаның мақсаты мен міндетімен

Мұғалім оқушылардың еркін сөйлеуіне, өзі ізденіп тапсырманы орындауына ықпал етіп отыруға тиіс. Мен алғаш курсқа барған сәттен бастап сабақтың жақсы ұйымдастырылғанын және модульдер арқылы оқытудың оқушыларға сапалы білім беруде оң әсер ететінін сезіндім. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бүгінгі күні білім беру технологияларының көптеген жетістіктерін игермей, сауатты маман болу мүмкін емес. Қазіргі кезде адамды қалыптастырғаннан гөрі оны жетілдіру, дамыту керек, тәрбиеленушінің өмірлік және кәсіби түрде өз орнын анықтауын жүзеге асыруына көмектесуіміз қажет.

Мен оқыту үдерісінде шығармашылық тапсырмаларды орындауда сын тұрғысынан ойлау арқылы алдымен мұғалімдердің және оқушылардың белсенділігін дамытуды алдына мақсат етіп қойдым. Сол мақсатпен мектеп аясында мұғалімдер арасында коучинг-сессия өткіздім.

Коучингтен соң «б» сыныбында LS тәсілі бойынша алғашқы сабақ өткізілді. Сабақ 3 топ арасында жүргізілді. А В С деңгейлі оқушылар бақыланды. Оқушылар мәтінді блумтаксономиясына салып талдады. С деңгейдегі оқушы білу, түсіну бөлімі бойынша, В деңгейдегі оқушы қолдану, талдау, ал А деңгейдегі оқушы жинақтау, бағалау бөлімі бойынша мәтінді талдап шықты. Үш деңгейдегі оқушылар тапсырмаларды топпен бірлесіп, жұмыла орындады. Жұппен жұмыс жасағанда, бірінің ойын бірі толықтырып отырды. А деңгейлі оқушы мен В деңгейлі оқушы жақсы белсенділік танытты. С деңгейлі оқушы да төменгі деңгейдегі тапсырма болғандықтан, білгенінше жауап беріп жатты. Топтық жұмыс бойынша тапсырмалар, мәтіндер және постер мен жұмыс жасады. Балалар постер қорғағанда, мүмкіндігінше сабаққа қызығушылықпен араласты. Бақылаушылар барлық баланың жауап бергендеріне аса мән беріп отырды. Сабақ жүйелі, жан-жақты өткізілді. Бірақ сынып оқушыларында алғашында аса белсенділік болмады. Топпен жұмыс істегеннен гөрі топтағы жақсы оқитын оқушыға арқа сүйеушілік көп және берілген тапсырманы орындаумен ғана шектеліп, мұғалімнің келесі тапсырмасын амал жоқтықтан ғана орындайтын сияқты болып көрінді. Ал келесі сабақтарда осы ескертулер назарға алынды. L.S сабағына талдау

Сабақ жүргізетін кез-келген мұғалім сабақ өткізудің ең тиімді, ең қызықты, ең қажетті, ең тартымды, ең өзекті үрдісін таңдап алу қажет. Мұндай үрдіс оқушының білім сапасын жақсартып қана қоймай, оның білімге деген құштарлығын арттырып, ізденімпаздық пен шығармашылыққа дағдыларын қалыптастырады және білім кеңістігіне айқын жол ашары анық.



Менежмент туралы интернет материалдарымен, авторлар: Б.Левин, Э.Глэйз, М.Фулланның Өзара кінә артпай және сараламай нәтижеге жету. Онтарио табысының тарихы еңбектерімен танысып шықтым. Өз білімімді үздіксіз дамытуды әлі де тоқтамай жалғастыра беремін.

Жалпы осы курсты оқуда мектеп басшысы ретінде маған өте пайдалы болды, себебі мектеп басшысы ретінде тәжірибем өте аз болатын. Осы курс аясында алған білімдерімді қолданып, тиімді оқыту мәдениетін құру мақсатында мектебіміздегі деңгейлік курс бітіріп келген мұғалімдер мен «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші» санатындағы мұғалімдердің әлеуетін пайдалана отырып, дамудың барлық салаларында оқушылардың жоғары нәтижелерге қол жеткізуі үшін негізгі жауапкершілікті жүктеймін. Оқушылардың жоғары нәтижелерге қол жеткізу үдерісін, сондай-ақ барлық әріптестерімнің үздіксіз кәсіби дамуы және жүйелі түрде кері байланыс ұсыну үдерістерін басқара отырып, жұмысты жетілдіруге, инновациялар мен өзгерістер енгізуге жетекшілік етемін. Әріптестерден алынған TALIS сауалнамасының негізінде жаңа оқу жылына жаңа мектепті дамыту жоспарын түземін. Бұл тәжірибе кезеңі аз уақытта және оқу жылының соңына әрі аралас оқу форматы тұсына тура келді. Сондықтан аса ауқымды өзгерістерге жете қоймасак та, мектеп әлеуетін бағамдап, жаңа инновациялық өзгерістер енгізуге мүмкіндігіміздің барлығына көзім толық жетті.